

ӘОЖ 821.512.122.0

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ПРОТОТИП ЖӘНЕ КЕЙШКЕР.
ТАРИХ ПЕН ЗАМАН.**

(Мұса Шорманұлы бейнесі бойынша)

Мақпал Дініслам

Maqpal_96_21@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ФҚТ-41 студенті

Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., доцент Қайырбек Кеменгер

Қаламгердің ойын жеткізетін, шындықты танып-білуге қолданылатын әдебиеттегі басты категорияның бірі – образ. Жалпылама алып қарайтын болсақ, образ – өмірде болатын түрлі оқиғалар мен шындықты игеріп, оны өз қиялы мен шеберлігіне байланысты көркемдеп шығару. Образ әдебиет теориясында эстетикалық категория қатарына жатады. Образ қай тұрғыдан алынса да шынайы өмірден алыстап кете алмайды, алайда ол ақиқат өмірмен егіз боп кетуі де дұрыс емес. Образ – нақты ұғым. Қандай оқиғаның барысында

болса образ ештеңені шашыратпай, бөлмей керісінше тұтас қылып, жинақтап береді. Адам образын жасаудың әдебиетте әр түрлі тәсілдері бар. Тұлғаның дара болмысын көрсету үшін көркем образ жасалады, бұл – өте күрделі процесс. Образ жасау, типтендіру туралы академик З.Қабдолов: «Типтендіру деген суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап-тануы, тандап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы болып табылады» [1, 56],- деп көрсетеді.

Әдебиет – тарихпен тығыз байланысты сөз өнері. Көркем шығармадағы бейне мен тарихи тұлғаның ара жігін ажыратып алуымыз керек. Шорманның Мұсасы тұлға лауазымына лайық. Тұлға деген кім? Осы сұраққа жауапты академик Қ.Әбдезұлы былай береді: «Тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан халық үшін, ел үшін маңызы орасан зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған адамға халықтың өзі осындай тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған» [2, 158-160]. Қазақтың сан қатпарлы тарихында кез келген шығармаға арқау боларлық оқиғалар жетерлік. Бүтін бір шығарманың бас кейіпкері болуға татитын, артына өшпес атын қалдыра білген азаматтар қаншама. Солардың біріне біз Мұса Шорманұлын жатқызамыз. XIX ғасырда ел билеген беделді старшын-билердің арасында Мұсаның аты ерекше аталады. Қаржас руынан шығып жастайынан ел ісіне араласып, Баянауыл өлкесінің аға сұлтаны болған Шорман баласы қазақ пайдасына көп қызмет етті. Қазақ жерінде гимназия ашуды тілеп, Алаш зиялыларының орыс қалаларында білім алуға жағдай жасаған тұлға әдебиетте қаншалықты ашылған? Мұса Шорманұлының тарихи бейнесі көркем шығармада бұрмаланбай берілді ме? Еліміз тәуелсіздік алған кезеңде Мұса мырза сынды тарихи тұлғалардың көркем әдебиеттегі бейнесі қалай сомдалуда? Кеңестік дәуірдегі таптық, социалистік реализм тұрғысынан жазылған шығармаларды сын көзбен оқуымыз керек пе? Мақалада осы сынды мәселелер төңірегінде тарихи-филологиялық сипатта зерттеу жүргізсек деген мақсатымыз бар.

Мұса Шорманұлы әдеби шығармаларда бас кейіпкер ретінде жазылмаса да, прототипі жағымды, әрі жағымсыз образда ақын-жазушылардың көптеген туындыларында кездеседі.

Прототип – әдеби шығармадағы кейіпкердің тұлғасын жасауға негіз болған өмірде болған адам, түпкі тұлға. Прототип болған адам басқа бір уақытта, кезеңде өмір сүрген болса да, жазушының өз қиялына қарай мекені мен шағын ауыстыруы әбден мүмкін. Сонымен қатар, бұрын қандай да бір шығармаға арқау болған кейіпкер кейін тағы бір шығармада көрінсе оны да прототипі бар образ деп атаймыз. Бүгінгі мақаламызда Мұса Шорманұлының бейнесі көркем шығармаларда қаншалықты ашылғандығына тоқталатын боламыз.

Мұса Шорманұлы – қазақ халқының әдет-ғұрпын зерттеген этнограф, шаршы топта сөз бастай білген шешен. Сонымен қатар, үш жүзге аты танылған сал-серілер, шешендер де Мұса мырзаны қатты құрметтеген. Атап өтсек, арғын руынан шыққан аузы дуалы билердің бірі Саққұлақ шешен Мұса мырзаға «Орта жүздің шамшырағы» деген ат берсе, халықтың махаббатына бөленген Ақан сері, Біржан сал, Шортанбай ақындар құрмет жырларына қосқан. «Біржан-Сара» айтысында Біржан сал «Қаржаста бір құтым бар Мұса Шорман» дей келе Шорман бидің төрт ұлын «төрт асыл тасқа» теңейді. Алайда, кеңес үкіметінің кезінде жазылған көптеген шығармаларда ұлт жанашыры Мұса Шорманұлының теріс образы берілді. Мұса – ауқатты адам, білдей бір округтың аға сұлтаны. Байларды жек көрген Кеңес үкіметінің солақай саясаты кезінде ұлы Абайдың әкесі Құнанбайды да теріс образда көрсетуге мәжбүр еткен. Сол сияқты Мұсаның да жағымсыз образда көрінуі сол саясаттың нұқсаны деп топшылаймын.

М.Жұмабайұлының «Оқжетпестің қиясында» поэмасы Кенесары хан туралы жазылған. Шығарманы ханды жоқтауға арналған туындыға жатқызуға болады. Мағжан Жұмабаевтың поэмаларын неге қарастырып отырмыз? Себебі, Мұса Шорманұлы образы Мағжан ақынның Кенесары туралы жазылған шығармаларында көрініс табады. Поэмада

Кенесарының ержүректігі, парасаты сөз етіліп, Кенедей азаматтар қазақта неге азайып кетті, енді тумайды ма деген налу бар. Шығармада Шорман әулетінің сипаты сәуегей шалдың аузымен былай айтылады:

Алаштың алдын қара тұман жапқан,

Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.

Заман азған шағында адам азбақ,

Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан.

Кешегі Абылайдан азып туған

Уәли анау қар қатынмен басы қатқан.

Шормандай шолтаңдаған шолақ билер

Орыстың шекпеніне елін сатқан [3, 207],- деп орыстың саясатын, хан-төрелерді ашық сынайды.

Мұса Шорманұлы жағымсыз образда суреттелетін көркем шығармалардың тағы бірі – М.Мағауиннің «Нала» атты шығармасы. Жанры – әңгіме. Автор шығарманы өз атынан баяндайды, яғни, басты кейіпкер – жазушының өзі. Жазушының журналистік өмірін, редакция қызметін сипаттаудан басталған шығарма әрі қарай басқа толқында өрбиді. 1994 жылы болған оқиға баяндалады. Сол жылы қазақтың талантты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 100 жылдық мерейтойы өткізілгелі жатқанын естіп редакцияға бір қартаң әйел келеді. Автормен әңгіме барысында өзінің Шорманның Мұсасының ұрпағы екендігін, Мұсаның ұлы Сәдуақастың немере қызы екендігін айтады. Атасы туралы өз шындығын айта келіп, Мұса Шорманұлы Кенесарыға қарсы болды деген әңгіменің өтірік екендігін, керісінше, Кенесарыны қолдап, қасында болғандығын айтады. Қартаң әйел ашумен ел аузында атасы Мұстафа жайлы айтылып жүрген: «Шорманның Мұстафасы атымды алып» деген Жаяу Мұсаның әнін де жоққа шығарады, басқа бір кедейдің малын қайтеді, күйе жаққаны да деп жеткізеді. Маңызды бір дерек, Мұса мырзаның ұлы Сәдуақас кезінде өзі де ақын болған, орыс ғылымын меңгерген адам екен. Мерейтойы өткізілгелі отырған Сұлтанмахмұтқа да кезінде осы кісінің көп жәрдемі тигенін айтып, өз атасына неге мерейтой өткізілмейді деп ренішін білдіреді.

Ал, автордың өз шындығы бар және ол жоғарыда айтылғандарға сәйкес келмейді. Автор үшін Шорман әулеті – Сұлтанмахмұттың меселін қайтарған, кедей деп кемсіте қараған бақуаттылар кейпінде көрінеді. Тарихи деректер бойынша Сұлтанмахмұттың арғы атасы, Орта жүзге аты шыққан Шоң би Мұсаның әкесі Шорманмен өте жақсы қатынаста болған. Түрлі руаралық, округтік мәселелерді бірлесіп шешіп отырған. Сол кездегі Сұлтанмахмұттың бар ойы қазақтың көзін ашу, білім-ғылымды қазақ жұртшылығына тарату болды. Троицкіде оқып жүрген кезінде Шорманның ұлы Сәдуақас ақшалай көмек көрсетемін деп алып уәдесін орындамай жат қалада аштықтан жүдепті. Кейін «Шоң серіктестігі» ұйымын құрмақ болып қазақ арасындағы ауқаттылардан қаржылай көмек сұрап Шорман ауылына барады. Шығармада бұл оқиға 1914 жылы болған деп жазылады. Босағадан аттаған сәттен бастап Сәдуақастың суық қабағын сезген Сұлтанмахмұт қысылып отырады. Сонан соң Сәдуақас жігіттерге еуропалық үлгіде салынған аталарының мұражайын көрсетеді. Ішінде Мұса мырзаның Николай Бірінші, Александр Екінші патшадан алған марапат, шендерін айтып мақтанады. «Бар белгісі қазақтан тыс, нағыз жер тәңірісі – Мұса мырзаның суреті көрінді» деп жазылады шығармада. Осыдан-ақ көз алдымызға батыстық үлгіде киінген Мұсаның келбеті елестейді. Мұражайдың іші толған алтын мен қымбат бұйымдар, марапаттар, сый сияпаттар. Осының бәрін көріп тұрған Сұлтанмахмұттың тамағына өксік келеді. Қазақ үшін емес орыстың шен-шекпені үшін қызмет еткен қазақтарға ызасы келеді. Ақынның атақты «Бір адамға» деген өлеңі осы кезде шыққан екен. Өлеңнен үзінді келтірсек:

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,

Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал.

«Бұрынғы атамызға сыйға берген

Біздерде мынадай бар, мынадай бар».

..Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағына қойдым таяп.
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады қарап жай-ақ.
Отырдым көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба» деп.
Кесені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп [4, 176-194].

Бұнда қазақтың малын аямай тонап, орысқа жағынып абыройға ие болған аға сұлтан баласының кеуде керген бейнесі суреттеледі. Енді не себептен бұл шығармада Шорман әулеті сонша қатігез боп бейнеленді? Айтылған нәрселер тарихи шындыққа жанаса ма деген сауалдарға жауап іздеп көрсек. Шығарма тәуелсіздік алғаннан кейін, 1994 жылы жазылған. Кеңес тұсындағы халық санасына сіңірілген бай-манаптардың бірқалыпты «жауыз» образының әсерін байқаймыз. XX ғасырда қазақ тарихында игі істерді жасап кеткен ауқатты тұлғалардың лайықты бағасын берген ақын-жазушыны таба алмаймыз, себебі, жағдай сондай болды. Мұхтар Мағауин – Мағжанмен рухтас жазушы. Ол айдалып кеткен Мағжан ақынның өлең-жырларымен 11 жасынан қызыққан. Мағжанды жақсы көріп, оны «шын бақытты адам» санаған, ақын шығармаларынан қуат алған. Жоғарыда Мағжан ақынның поэмаларындағы Мұсаның образы мен Мағауин шығармасындағы Мұса бейнесі ұқсас. Алайда, М.Мағауин Мағжан ақынды жақсы көргендіктен ғана онымен бір көзқараста болды деп айтудан аулақпыз, жазушының бұған қатысты өз ұстанымдары болуы мүмкін.

Мұса Шорманұлының образы берілген кезекті көркем шығарма – Дихан Әбіловтың Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі туралы жазған ғұмырнамалық «Ақын арманы» атты туындысы. Шығарма 1965 жылы жарық көрген. М.Мағауиннің «Нала» әңгімесі осы кітаптағы Шорман әулетінің бейнесіне, Сұлтанмахмұттың Садуақас аулына барған оқиғасына негізделіп жазылса керек. Алайда, Д.Әбіловтың «Ақын арманы» романында Садуақас аулындағы Сұлтанмахмұт пен Садуақастың әңгімелері толықтырылып, әр деталі ашылып жазылған. «Ақын арманында» да Сұлтанмахмұттың «Шоң серіктестігін» ашып қазақ баласын ғылым-білімге жеткіземін деген арманы айтылады. «Ақын арманы» романының екінші бөлімінде сол заманның серісі Жаяу Мұсаның өмірінен оқиғалар суреттеледі. Атақты аға сұлтан Мұса Шорманұлын романда Жаяу Мұсаның сөзімен былай деп суреттейді: «Он көрпе төсеніп, бес жастыққа шынтақтап жататын Шорманның Мұсасы емеспін, Жаяу Мұсамын. Маған ағаш – төсек, тас – жастық...». Берілген бір-екі ауыз сөйлемнен Мұса Шорманұлының романда жағымсыз кейіпте берілгенін байқаймыз. Әрі осы сөздерді Жаяу Мұсаның аузымен сөйлетіп тұр. Жаяу Мұса Мұстафа Шорманұлымен қанша қырғи-қабақ болса да, Мұса мырзаны өте сыйлағандығын, жерлеу рәсіміне өзі келіп көңіл айтқандығын З.Ақышевтің «Жаяу Мұса» романынан білеміз.

«Ақын арманының» бір тұсында Шорман әулеті былай суреттеледі: «Садуақас өз заманының ерекше биігі. Атасы Мұса дуан басы боп өткен. Шорман әулетінің барлығы дерлік ақсүйек лауазымына ие. Қазақта бұдан асқан шонжар жоқ». Сол заманда Шорман әулетінің атағы мен абыройы күллі қазаққа тарап тұрғанын айтады. Бірақ, шығармада бұл әулет ел қанаушы, патшаның айтқанынан шықпай дүние жинаған әулет боп көрсетіледі. Сұлтанмахмұт ақын Садуақас мырзамен кездескеннен соң оның Шорман әулетінің байлығын мақтан қып көрсеткенін «Бір адамға» атты өлеңінде ғана емес, көпшілікке аса танымал емес «Қос үй» деген өлеңінде де астарлы мағынамен айтқан екен. Д.Әбілов шығармасында «Қос үй» өлеңі осы Садуақастың іші алтын-күміске толған «қос үйін» көргеннен соң жазылған деп айтылады [5, 341-352]. Роман кеңес үкіметінің кезінде, қай салада болмасын саяси шектеулер өршіп тұрған заманда жазылған.

Айта кетерлік бір ақпар - қазақтан шыққан тұңғыш зерттеуші-ғалым, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уалихан – Мұсаның туған жиені. Шоқанның анасы Зейнеп - Мұсаның туған әпкесі, Шорманның қызы. Зейнепті өз жұртында да, қайын жұртында да

абыройға ие, сөзі өтімді кісі болған деседі. Тіпті, атағы алты алашқа тараған Мұса інісі де оған қарсы келе алмайды екен. «Жаяу Мұсаның» бір бөлімінде Мұса мен Шоқан арасындағы қатынастар суреттеледі. Шоқан нағашысын өте сыйлайды, атын атап сөйлеуге қысылады. Мұса мырза да жиенін ерекше ықыласпен жақсы көрді. Сүйікті жиені қайтыс болғанына қатты қайғырып көптеген жылдар бойы Шоқанның қабіріне ескерткіш орнату туралы орыс үкіметіне өтініштер жіберіп, 1880 жылы ескерткішті орнатылды.

Тарихшы Е.Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» монографиясында Мұса Шорманұлы туралы да айтылады. Бірақ, өте жағымсыз кейіпте. Қазақ руларының ішіндегі дәрежесі мен абыройынан айрылып қаламыз деп қауіптенген әрі патша үкіметімен жақын қатынастағы сұлтандар мен билерді сөз етеді. Оның ішінде Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шормановты айта келіп, оның 150 үймен келіп көтеріліске келіп қосылғандығын айтады. Аға сұлтандардың өз пайдаларын ғана ойлап көтеріліске қатысқанын, қол астындағы көтеріліске қатысып жатқан халықты бағындыра алмай кетемін бе деген қорқыныштан ғана осындай қадамға барды деп айтады. Бірақ, көтеріліс кезінде олар Кенесарыны сатып кетті деп айтылады монографияда. [6, 314-315]. Ж.Артықбаевтың «Баянауыл» атты тарихи-ғылыми еңбегінде Кенесары көтерілісіне Мұса Шорманұлының қатысқаны жайлы деректер бар. Еңбекте Мұса Шорманұлының Кенесары бастаған көтеріліске қатысы туралы жазылған, қаржас руының арасында жүрген әңгіме бар. Өз руынан шыққан көсем болған соң Мұса мырзаны жақтап жазылған ба, әлде тарихи шындық па, ол бізге беймәлім. Кенесары көтерілісіне Мұса Шорманұлы қатарындағы бірқатар ел азаматтарына кейін ғана қосылғанын білеміз. Оның себебі әңгімеде Мұса мырзаның әкесі Шорманға дұға оқытып ас беремін деп кешеуілдетіп қалғандығымен түсіндіріледі. Қарапайым халықты қырғынға ұшыратып алуға қорыққан Мұса мырза көтерілісті аса қолдамайды. Мұса Шорманұлының көтеріліс уақытында жасаған бір-екі ерлік әрекеті айтылады. Кенесарының кей тұстарда қатігездігін көрген Мұса Шорманұлы бірде жазықсыз ұсталған орыс үкіметінің тілмашы Бутаковты астына ат беріп, қашыртып жібереді. Енді бір жағдай Кенесарыға нөкерлері бірде бірі 22 жаста, екіншісі 18 жастағы екі қызды сый ретінде ұстап әкеліпті. Мұса оларды нөкерлердің қолынан күшпен тартып алып өз үйіне әкеліп қаратып, үйлеріне қайтарып жіберген екен. Осындай әрекеттің бәрі қосыла келіп Кенесары ханның Мұса мырзаға деген ашуын туғызады да, Кенесары Мұсаны тұтқында ұстайды. Мұса ол кезде жиырмадан енді асқан жас жігіт. Жас та болса бас бола білген Мұсаны орта жүздің халқы өлімге қимай, ханға ат-шапан айыбын төлеп, жанталасып құтқарып алған екен [7, 206].

М.Ж.Көпеев, М.Жұмабайұлы, М.Мағауин сынды әдебиет майталмандарының шығармалары арқылы Мұса мырзаның әдеби образын ашуға тырыстық. Бірінде жағымды, бірінде жағымсыз боп берілген Мұса Шорманұлы қазақ жадында тарихи тұлға болып сақталғаны даусыз. Егемендікке қол жеткізген бүгінгі күнде талай жылдар архивте шаң басып жатқан тұлғаларымыздың есімдері ұрпағымен қауышуда. Мұса Шорманұлының есімі дәріптеліп, Алматы, Екібастұз қалаларындағы көшелерге қойылып, тарихи хәм әдеби еңбектерде аталып жүр. 2018 жылы Шорманұлының Павлодар өңірінде аталып өткен 200 жылдық мерейтойы – облыстық деңгейдегі атаулы тарихи оқиға болды. Қазақ халқы үшін көптеген игі істер атқарған Мұса Шорманұлының тарихи және әдеби көркем бейнесі әлі де жан-жақты терең зерделену керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992. 320 бет.
2. Әбдәзұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: «Қазығұрт», 2004. 208 бет.
3. Жұмабаев М. Жан сөзі: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 бет.
4. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық 1960 – 2002 . – Алматы: Қағанат – ҒМО баспасы, 2002 – Жетінші том. 454 бет.
5. Әбілев Д. Ақын арманы. Роман. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1965. – 304 бет.

6. Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пиеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 бет.
7. Артықбаев Ж. Баянауыл. – Астана: Фолиант, 2009. – 312 бет.